

**"Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 498 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 1313 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 желтоқсанда № 25840 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 498 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12219 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Толысылған шарап, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімдері өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған, Толысылған шарап, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидасы бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жариялана отырып, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2021 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ 1313 Бұйрыққа қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2015 жылғы 29 қыркүйектегі  
№ 498 бұйрығымен бекітілді

**Толысылған шарап, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидасы**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы толысылған шарап, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және

айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 4-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісіне бақылау жүргізу мақсатында әзірленген.

2. Толысылған шарап, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерін өндіру технологиялық желілері есепке алудың бақылау аспаптарымен (бұдан әрі – ЕАБА) жарақтандырылады.

3. ЕАБА өндірісте есепке алынбаған өнімдерге жол бермеу тәсілімен өндіру технологиялық желісінде интеграцияланған болуы тиіс.

4. ЕАБА деректерінің Операторы уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне ЕАБА деректерін автоматтандырылған нақты уақыт режимінде беруді қамтамасыз етеді.

5. Этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерін өндіруші ЕАБА арқылы өнірілетін этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерін өлшеуді және есептеуді, сондай-ақ Заңның 7-бабының 5-тармағымен көзделген шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеді.

6. ЕАБА және олардың құрамдастарын сатып алуды, орнатуды, қызмет көрсетуді, жөндеуді, сондай-ақ олардың қосалқы (жинақтауыш) бөлшектерін сатып алуды, ЕАБА жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісімен қамтамасыз етуді этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерін өндіруші - зауыттар жүзеге асырады.

7. ЕАБА-ға олардың шығарылған жері туралы құжаттар, ЕАБА әбір бірлігіне дайындаушының қазақ және орыс тіліндегі техникалық паспорты қоса беріледі. ЕАБА әрбір бірлігінің қызмет ету мерзімі техникалық паспортта белгіленген қызмет ету мерзімінен аспауы тиіс.

8. ЕАБА мынаны:

1) спирттік, сулы спирттік ерітінді және құрамында қанты бар қоймалжың ортада, құрамында көмірсутекті газ бар ерітіндіде жұмыстың тұрақтылығын;

2) өсу қортындысымен есептеуді жүргізуді;

3) ЕАБА жұмыс режимінде істен шыққан немесе оны ауыстырған жағдайда барлық жинақталған ақпараттардың сақталуын;

4) санкциясыз араласудан қорғауды;

5) жұмыстағы істен шығудан және сыртқы әсерлерден қорғауды;

6) электрмен жабдықтауда авариялық істен шығу жағдайында авариялық істен шығу болған сәттен бастап кемінде 5 (бес) тәулік автономды жұмыс істеу ұзақтығын;

7) жарылыс - және өрт қауіпсіздігін;

8) ЕАБА-ның жұмысына санкциясыз араласу жағдайлары туындағаны туралы ақпараттандыруды;

9) сәйкестендіруге жатпайтын есептеу алу-бақылау таңбаларын анықтауды;

10) нақты уақыт режимінде:

этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерін өндіру көлемі туралы;

этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдеріндегі сусыз этил спиртінің концентрациясы (толысылған шарап, сондай-ақ сыра қайнату өнімінен, шарап ашыту, бал қайнату өнімі және алкогольі аз сусындардан басқа) туралы;

этил спиртінің қалдықтары туралы;

арақтарды, айрықша арақтарды және тауардың шығарылған жерінің атауы қорғалған арақтарды өндіру кезінде тұтынылатын электр энергиясының көлемдері туралы деректерді жинауды және бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы уәкілетті органға, оның аумақтық бөлімшелеріне беруді;

11) осы тармақтың 8) - 9) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде , сондай-ақ осы тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген деректер болмаған кезде этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерін өндіру процесін тоқтатуды қамтамасыз етеді.

9. Этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерін өндіруші-зауыттар тексеріс аралық интервалға сәйкес аккредиттелген заңды тұлғалардың ЕАБА әрбір бірлігін тексеруін қамтамасыз етеді.

10. Осы Қағиданың 8-тармағының 8), 9) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда , сондай-ақ осы Қағиданың 8-тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген деректер болмаған кезде этил спирті және алкоголь өнімдерін өндіру тоқтатылған кезде, өндірісті одан әрі іске қосу өндірісті тоқтатудың себебі белгілі болғаннан кейін және ЕАБА жұмысындағы ақаулықтар жойылғаннан соң жүзеге асырылады.

11. Осы Қағиданың 8-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген деректер, жалпыға ортақ пайдаланудағы телекоммуникация желісі бойынша ЕАБА беріледі.

12. Этил спирті өндіру үшін сусыз этил спирті мөлшерін есептеуде өлшегіш және ЕАБА бойынша салыстырмалы +/- 0,5% жоғары емес қателікке жол беріледі.

Алкоголь өнімін өндіру үшін көлемдік шығыс өлшегіштен +/-0,5% жоғары, 1 және 2 алкоголь өнімін даналап есептеу аспаптарынан +/- 0,1% (әрбір 10 000 (он мың) шөлмекке 10 (он) шөлмектен артық емес) жоғары емес қателікке жол беріледі.

13. ЕАБА зауыт, уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің қатысуымен пайдалануға енгізіледі, бұл туралы сол жұмыс күні пайдалануға енгізу актісі жасалады.

14. ЕАБА әрбір бірлігі оған қызмет көрсету және бақылау жүргізу мүмкіндігі ескеріліп, соның ішінде этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерін тонауды жою мақсатында орналастырылады.

15. Этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерін өндіру технологиялық желілерінде металл фланецтік қосылыстарды қоспағанда, этил спирті мен (немесе) алкоголь өнімдерінің құбыр жолдырының иілгіш, пісірілген қосылыстары қолданылмайды.

ЕАБА-ға заңсыз қол жеткізуді болдырмау үшін уәкілетті органның және (немесе) оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғасы этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерінде:

1) этил спирті іріктеуінде ректификациялық бағаналарын бастап ЕАБА-ға дейін металлдық ернемектік жалғамаларына дейін (этил спирті өндірушілеріне);

2) жаппай немесе электрмагниттік шығынын өлшеу аппаратына, екінші құрастырушысында, есептеу-бақылау таңбаларын сәйкестендіру үшін техникалық көру жабдығына, инфрақұрылымдық жабдықтарына (алкоголь өнімдері өндірушілеріне) индикаторлық бақылау пломбаларын дереу орнату бойынша жұмыстарын жүргізеді.

Осы Қағидалардың 15-тармақтағы екінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларындағы жасалған жұмыстың қорытындысы бойынша, пломба салынған орындары, нөмірлері немесе пломбалар бедерлері көрсетіле отырып, тиісті акті жасалады, сонымен бірге актіге бар пломбаланың тізімі қосылады.

## **2-тарау. Этил спиртінің өндірудің технологиялық желісін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтау, олардың жұмыс істеуін және есептеуді жүзеге асыру тәртібі**

16. Этил спиртінің өндіру технологиялық желілерінде орнатылатын ЕАБА мыналардан:

1) спиртінің көлемін, тығыздығын және температурасын өлшеуге мүмкіндік беретін, көлемді және сусыз этил спирті ағысының жаппай шығынын өлшеуіштен (бұдан әрі - этил спиртінің шығынын өлшеуіш);

2) спирт сақтау ыдысындағы сусыз этил спиртінің деңгейін, тығыздығын және температурасын айқындау аспабынан;

3) ректификациялық бағаналарындағы температураны айқындау аспабынан;

4) бақылау-өлшеу аспаптарынан алынған деректерді қайта оқитын екінші құрастырушы (бақылау жабдығынан);

5) ақпараттарды жинау, сақтау, өңдеу және беру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютерлік жабдыктан;

6) инфрақұрылымдық жабдықтардан (үздіксіз қоректендіру көзі, серверлік шкафтан) тұруы тиіс.

17. Этил спиртінің есептеу кезінде сулы спирт ертіндісінің көлемін және температурасын, спирт концентрациясының пайызын (көлемі бойынша) және құрамында суы жоқ спирт көлемін айқындауға жатады.

18. Этил спиртінің өлшем бірлігі + 20С0 температура кезіндегі сусыз спирт декалитрі (бұдан әрі - дал) болып табылады.

19. Өндірілетін этил спиртінің өлшеуді және есептеуді этил спиртінің құю бөлімшесінен спиртті сақтау қоймасына беру кезінде этил спиртінің өлшегішпен өлшеу нәтижесі жөніндегі зауыт жүргізеді.

20. Сусыз спиртінің мөлшерін өлшегіш ( $V_m$ ) және этил спиртінің шығынын өлшеу жабдығы ( $V_a$ ) бойынша өлшеудің нәтижелерін салыстырумен осы шамалардың арасындағы далдарда және пайызда (кінәраттық) мөлшерлік алшақтық айқындалады.

21. Сусыз спирттің мөлшерін өлшегішпен өлшеу нәтижелері бухгалтерлік есеп үшін бастапқы деректер болып табылады.

22. Кінәраттық есебі мына формулалар бойынша жүргізіледі:

$$C_{абс} = V_m - V_a \text{ және Жүздік } C_{абс} = \frac{V_m - V_a}{V_m} \times 100\%$$

мұндағы  $C_{абс}$ . - абсолюттік кінәраттық, дал;

жүздік - салыстырмалы кінәраттық, %.

23. Сусыз этил спиртін есептеу кезіндегі абсолютті және салыстырмалы кінәраттық спиртті өндіруден этил спиртін сақтау қоймасына әрбір беру кезінде зауыт айқындалады және осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша спирт пен спирт өнімдерін өндіру және оларды спирт сақтау қоймасына беру туралы актінің (бұдан әрі – спирт өндіру туралы акті) 3-бөлімінде тіркеледі.

24. Өндірілетін этил спиртін есептеу және этил спиртінің шығынын өлшеу жабдығының дұрыс пайдаланылуын бақылауға байланысты жұмыстарды орындау үшін зауыт басшысының бұйрығымен бас инженердің төрағалығымен, құрамында зертхана меңгерушісі, бас бухгалтер және зауыттың қызметкерлері болатын тұрақты жұмыс істейтін этил спиртін есептеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

Көрсетілген Комиссия 1 (бір) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде уәкілетті органды және оның аумақтық бөлімшелерін есептік көрсеткіштердің шектіден жоғары алшақтықтарының, ЕАБА бұзылуының әрбір фактісі туралы хабарлайды.

25. Өлшегіштегі спирт температурасын айқындау үшін бақылау айнасының біреуіне қарсы техникалық реттеу саласындағы ұйымдар тексерген, 0,1С0 бағада бөлінген, екі термометр орнатылады.

26. Этил спиртінің мөлшерін есептеу соңғы тексерумен белгіленген өлшегіштердің номиналды сыйымдылығы бойынша зауыт жүргізеді.

27. Этил спиртінің шынайы көлемі осы Қағидаға 2-қосымшаның нысанына сәйкес спирттің көлемі өзгерген кезде (өлшегіштердің номиналды сыйымдылығы бойынша айқындалған спирттің көлеміне пайыздарда) I класты металл өлшегіштердің көлемдік кеңеюіне түзетулер кестесінде көрсетілген металл өлшегіштердің көлемдік кеңеюіне күйге келтіруді өзгертулер ескеріле отырып айқындалады.

**3-тарау. Алкоголь өнімдерін, оның ішінде өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра қайнату өнімдерін өндірудің технологиялық желісін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарактау, олардың жұмыс істеуін және есептеуді жүзеге асыру тәртібі**

28. Арақтарды, айрықша арақтарды және тауардың шығарылған жерінің атауы қорғалған арақтарды, бал арақтары, жүзім арақтары, жеміс арақтары, спирт сусындары

және дистиллятарды өндіру барысында есептеу үшін технологиялық желілерде ЕАБА, мыналардан:

1) құю желісіне келіп түсетін алкоголь өнімдерінің көлемін, тығыздығын және температурасын, жаппай шығынын өлшеуге мүмкіндік беретін өнімінің шығынын өлшеуіш;

2) тұтыну ыдысына құйылған алкоголь өнімдерінің данасын есептеу есептегіші;

3) тұтынылатын электр энергиясының көлемін есептейтін аспап;

4) есептеу-бақылау таңбаларын сәйкестендіру үшін техникалық көру жабдығы;

5) бақылау-өлшеу аспаптарынан алынған деректерді қайта оқитын екінші құрастырушы (бақылау жабдығынан);

6) ақпараттарды жинау, сақтау, өңдеу және беру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютерлік жабдықтан;

7) инфрақұрылымдық жабдықтардан (үздіксіз қоректендіру көзі, серверлік шкафтан , бейне бақылау камерасынан) тұруы тиіс.

29. Арақтарды, айрықша арақтарды және тауардың шығарылған жерінің атауы қорғалған арақтарды, бал арақтары, жүзім арақтары, жеміс арақтары, спирт сусындары және дистиллятарды, толысылған шарап және өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра қайнату өнімін қоспағанда алкоголь өнімін өндіру барысында есептеу үшін технологиялық желілерде ЕАБА, мыналардан:

1) тұтыну ыдысына құйылған алкоголь өнімдерінің данасын есептеу есептегіші;

2) есептеу-бақылау таңбаларын сәйкестендіру үшін техникалық көру жабдығы;

3) бақылау-өлшеу аспаптарынан алынған деректерді қайта оқитын екінші құрастырушы (бақылау жабдығынан);

4) ақпараттарды жинау, сақтау, өңдеу және беру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютерлік жабдықтан;

5) инфрақұрылымдық жабдықтардан (үздіксіз қоректендіру көзі, серверлік шкафтан , бейне бақылау камерасынан) тұруы тиіс.

30. Өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра қайнату өнімін өндіру барысында есептеу үшін технологиялық желілерде ЕАБА, мыналардан:

1) өндірілген сыраның көлемін өлшейтін сыра ағысының жаппай немесе электромагниттік шығынын өлшеу аппаратынан;

2) шығынды өлшеуішті екінші құрастырушыдан;

3) ақпараттарды жинау, сақтау, өңдеу және беру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютерлік жабдықтан;

4) инфрақұрылымдық жабдықтан (үздіксіз қоректендіру көзінен, серверлік шкафтан ) тұрады.

31. Алкоголь өнімінің, өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден жоғары сыра қайнату өнімі шығынын өлшеуіш құбыр жолының көлденең учаскесінде құю автоматына барынша жақын орнатылады, ол өлшеу кезінде бүкіл қиылыстар бойынша

үнемі толы болады. Құбыр жолының аралық ернеметік ажыратқыштарына және алкоголь өнімдерінің, сыра қайнату өнімінің шығынын өлшеуішпен құю автоматының жалғастырушы ернемегі арасындағы басқа да қосылулар қолданылмайды.

32. Алкоголь өнімінің көлемін есептеу кезінде өлшеу бірлігі 1 дал болып табылады.

Толысылған шарап, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарактандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларына  
I-қосымша  
нысан

шаруашылық субъектінің атауы (бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

Спирт және спирт өнімдерін өндіру және оны спирт сақтау қоймаларына беру туралы АҚТІСІ

### 1. Спирт өлшегіш аппаратпен есептелінген

Спирт және спирт өнімдерінің сорты	Бақылау спирт өлшегіш аппаратының нөмірі	Есептеуіштердің көрсеткіштері.				Тәулігіне спирт есептелді, дал	
		спирт айдалғанға дейін, дал		спирт айдалғаннан кейін, дал		көлемі бойынша	сусыз
		көлемі бойынша	сусыз	көлемі бойынша	сусыз		
1 . Тазартылған спирт, "Жоғарғы"							
2 . Тазартылған спирт, "Экстра"							
3 . Тазартылған спирт, "Люкс"							
4. Этил спиртінің							



б а с фракциясы							
Жиыны:							

## 2. Құю бойынша алынды

	Тазартылған спирт			Этил спиртінің бас фракциясы	Сивуш майы
	Жоғары тазартылған	Тазартылған спирт, "Экстра"	Тазартылған спирт, "Люкс"		
1	2	3	4	5	6
1. Өлшегіш арқылы өткізілген спирт көлемі, дал					
2. Өлшегіштегі спирттің орташа температурасы.					
3 . Өлшегіштердің көлемдік кеңеюіне түзету, дал.					
4. Түзетуді есепке алумен спирттің көлемі, дал.					
5. Спирт өлшегіштің батуы (ареометрдің), бөліктерде.					
6. Стақандағы спирттің температурасы.					
7. Шоғырлануы, % (көлемі бойынша).					
8. Көбейткіш.					
9. Сусыз спирттің мөлшері, дал.					

## 3. Бақылау спирт өлшегіш аппараттарының көрсеткіштерінен құю деректерінің ауытқуы

Тазартылған спирт						Этил спиртінің бас фракциясы (+,-)	
Жоғары тазартылған (+,-)		Экстра (+,-)		Люкс (+,-)			
дал	%	дал	%	дал	%	дал	%
Өткізді: Өндіріс меңгерушісі аппаратшы				Қабылдады: Спирт сақтау қоймасының меңгерушісі			

Қатысқандар: химик  
бухгалтер

Қю кезіндегі бақылау спирт өлшегіш аппараттарындағы есептегіштердің көрсеткіштерін растаймын:

аппаратшы

Актіні бас (аға) бухгалтер қабылдады 20\_\_ жылдың " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

### Спиртті өлшеу

р/с №	Спирт және спирт өнімдерінің сорты	Өлшегіштердің нөмірі	Көлемі бойынша дал мөлшері	Өлшегіштегі спирт температурасы
Жиыны:				

Өндіріс меңгерушісі:

Аппаратшы:

Спирт сақтау қоймасының меңгерушісі:

Толысылған шарап, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра қайнату өнімі өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларына  
2-қосымша  
нысан

**Спирт көлемін өлшеу кезіндегі I класты металл өлшегіштердің көлемдік кеңеюіне түзетулер (өлшегіштердің номиналды сыйымдылығы бойынша айқындалған спирттің көлеміне пайыздарда)**

### КЕСТЕСІ

Өлшегіштегі спирт температурасы	Өлшегіштің көлемдік кеңеюіне көлемге түзету	Өлшегіштегі спирт температурасы	Өлшегіштің көлемдік кеңеюіне көлемге түзету	Өлшегіштегі спирт температурасы	Өлшегіштің көлемдік кеңеюіне көлемге түзету
1	2	3	4	5	6
32	+0,0440	28,4	+0,0302	24,8	+0,0172
31,9	+0,0436	28,3	+0,0299	24,7	+0,0168
31,8	+0,0432	28,2	+0,0296	24,6	+0,0164
31,7	+0,0428	28,1	+0,0293	24,5	+0,0160
31,6	+0,0424	28,0	+0,0290	24,4	+0,0156
31,5	+0,0420	27,9	+0,0286	24,3	+0,0152
31,4	+0,0416	27,8	+0,0282	24,2	+0,0148

31,3	+0,0412	27,7	+0,0278	24,1	+0,0144
31,2	+0,0408	27,6	+0,0274	24,0	+0,0140
31,1	+0,0404	27,5	+0,0270	23,9	+0,0137
31,0	+0,0400	27,4	+0,0266	23,8	+0,0134
30,9	+0,0397	27,3	+0,0262	23,7	+0,0131
30,8	+0,0394	27,2	+0,0258	23,6	+0,0128
30,7	+0,0391	27,1	+0,0254	23,5	+0,0125
30,6	+0,0388	27,0	+0,0250	23,4	+0,0122
30,5	+0,0385	26,9	+0,0247	23,3	+0,0119
30,4	+0,0382	26,8	+0,0244	23,2	+0,0116
30,3	+0,0379	26,7	+0,0241	23,1	+0,0113
30,2	+0,0376	26,6	+0,0238	23,0	+0,0110
30,1	+0,0373	26,5	+0,0235	22,9	+0,0106
30,0	+0,0370	26,4	+0,0232	22,8	+0,0102
29,9	+0,0365	26,3	+0,0229	22,7	+0,0098
29,8	+0,0360	26,2	+0,0226	22,6	+0,0094
29,7	+0,0355	26,1	+0,0223	22,5	+0,0090
29,6	+0,0350	26,0	+0,0222	22,4	+0,0086
29,5	+0,0345	25,9	+0,0216	22,3	+0,0082
29,4	+0,0340	25,8	+0,0212	22,2	+0,0078
29,3	+0,0335	25,7	+0,0208	22,1	+0,0074
29,2	+0,0330	25,6	+0,0204	22,0	+0,0070
29,1	+0,0325	25,5	+0,0200	21,9	+0,0067
29,0	+0,0320	25,4	+0,0196	21,8	+0,0064
28,9	+0,0317	25,3	+0,0192	21,7	+0,0061
28,8	+0,0314	25,2	+0,0188	21,6	+0,0058
28,7	+0,0311	25,1	+0,0184	21,5	+0,0055
28,6	+0,0308	25,0	+0,0180	21,4	+0,0052
28,5	+0,0305	24,9	+0,0176	21,3	+0,0049
21,2	+0,0046	16,9	-0,0113	12,6	-0,0266
21,1	+0,0043	16,8	-0,0116	12,5	-0,027
21,0	+0,004	16,7	-0,0119	12,4	-0,0274
20,9	+0,0036	16,6	-0,0122	12,3	-0,0278
20,8	+0,0032	16,5	-0,0125	12,2	-0,0282
20,7	+0,0028	16,4	-0,0128	12,1	-0,0286
20,6	+0,0024	16,3	-0,0131	12,0	-0,029
20,5	+0,002	16,2	-0,0134	11,9	-0,0293
20,4	+0,0016	16,1	-0,0137	11,8	-0,0296
20,3	+0,0012	16,0	-0,014	11,7	-0,0299
20,2	+0,0008	15,9	-0,0144	11,6	-0,0302
20,1	+0,0004	15,8	-0,0148	11,5	-0,0305

20,0	+0,0	15,7	-0,0152	11,4	-0,0308
19,9	-0,0004	15,6	-0,0156	11,3	-0,0311
19,8	-0,0008	15,5	-0,016	11,2	-0,0314
19,7	-0,0012	15,4	-0,0164	11,1	-0,0317
19,6	-0,0016	15,3	-0,0168	11,0	-0,032
19,5	-0,002	15,2	-0,0172	10,9	-0,0324
19,4	-0,0024	15,1	-0,0176	10,8	-0,0328
19,3	-0,0028	15,0	-0,018	10,7	-0,0332
19,2	-0,0032	14,9	-0,0184	10,6	-0,0336
19,1	-0,0036	14,8	-0,0188	10,5	-0,034
19,0	-0,004	14,7	-0,0192	10,4	-0,0344
18,9	-0,0043	14,6	-0,0196	10,3	-0,0348
18,8	-0,0046	14,5	-0,02	10,2	-0,0352
18,7	-0,0049	14,4	-0,0204	10,1	-0,0356
18,6	-0,0052	14,3	-0,0208	10,0	-0,036
18,5	-0,0055	14,2	-0,0212	9,9	-0,0364
18,4	-0,0058	14,1	-0,0216	9,8	-0,0368
18,3	-0,0061	14,0	-0,022	9,7	-0,0372
18,2	-0,0064	13,9	-0,0223	9,6	-0,0376
18,1	-0,0067	13,8	-0,0226	9,5	-0,038
18,0	-0,007	13,7	-0,0229	9,4	-0,0384
17,9	-0,0074	13,6	-0,0232	9,3	-0,0388
17,8	-0,0078	13,5	-0,0235	9,2	-0,0392
17,7	-0,0082	13,4	-0,0238	9,1	-0,0396
17,6	-0,0086	13,3	-0,0241	9,0	-0,04
17,5	-0,009	13,2	-0,0244	8,9	-0,0404
17,4	-0,0094	13,1	-0,0247	8,8	-0,0408
17,3	-0,0098	13,0	-0,025	8,7	-0,0412
17,2	-0,0102	12,9	-0,0254	8,6	-0,0416
17,1	-0,0106	12,8	-0,0258	8,5	-0,042
17,0	-0,011	12,7	-0,0262	8,4	-0,0424
8,3	-0,0428	3,9	-0,0594	-0,3	-0,0752
8,2	-0,0432	3,8	-0,0598	-0,4	-0,0756
8,1	-0,0436	3,7	-0,0602	-0,5	-0,076
8,0	-0,044	3,6	-0,0606	-0,6	-0,0764
7,9	-0,0443	3,5	-0,061	-0,7	-0,0768
7,8	-0,0446	3,4	-0,0614	-0,8	-0,0772
7,7	-0,0449	3,3	-0,0618	-0,9	-0,0776
7,6	-0,0452	3,2	-0,0622	-1,0	-0,078
7,5	-0,0455	3,1	-0,0626	-1,1	-0,0783
7,4	-0,0458	3,0	-0,063	-1,2	-0,0786
7,3	-0,0461	2,9	-0,0634	-1,3	-0,0789

7,2	-0,0464	2,8	-0,0638	-1,4	-0,0792
7,1	-0,0467	2,7	-0,0642	-1,5	-0,0795
7,0	-0,047	2,6	-0,0646	-1,6	-0,0798
6,9	-0,0474	2,5	-0,065	-1,7	-0,0801
6,8	-0,0478	2,4	-0,0654	-1,8	-0,0804
6,7	-0,0482	2,3	-0,0658	-1,9	-0,0807
6,6	-0,0486	2,2	-0,0662	-2,0	-0,081
6,5	-0,049	2,1	-0,0666	-2,1	-0,0814
6,4	-0,0494	2,0	-0,067	-2,2	-0,0818
6,3	-0,0498	1,9	-0,0674	-2,3	-0,0822
6,2	-0,0502	1,8	-0,0678	-2,4	-0,0826
6,1	-0,0506	1,7	-0,0682	-2,5	-0,083
6,0	-0,051	1,6	-0,0686	-2,6	-0,0834
5,9	-0,0514	1,5	-0,069	-2,7	-0,0838
5,8	-0,0518	1,4	-0,0694	-2,8	-0,0842
5,7	-0,0522	1,3	-0,0698	-2,9	-0,0846
5,6	-0,0526	1,2	-0,0702	-3,0	-0,085
5,5	-0,053	1,1	-0,0706	-3,1	-0,0853
5,4	-0,0534	1,0	-0,071	-3,2	-0,0856
5,3	-0,0538	0,9	-0,0713	-3,3	-0,0859
5,2	-0,0542	0,8	0,0716	-3,4	-0,0862
5,1	-0,0546	0,7	-0,0719	-3,5	-0,0865
5,0	-0,055	0,6	-0,0722	-3,6	-0,0868
4,9	-0,0554	0,5	-0,0725	-3,7	-0,0871
4,8	-0,0558	0,4	-0,0728	-3,8	-0,0874
4,7	-0,0562	0,3	-0,0731	-3,9	-0,0877
4,6	-0,0566	0,2	-0,0734	-4,0	-0,088
4,5	-0,057	0,1	-0,0737	-4,1	-0,0884
4,4	-0,0574	0,0	-0,074	-4,2	-0,0888
4,3	-0,0578	-0,1	-0,0744	-4,3	-0,0892
4,2	-0,0582	-0,2	-0,0748	-4,4	-0,0896
4,1	-0,0586	-0,3	-0,0752	-4,5	-0,09
4,0	-0,059	-0,4	-0,0756	-4,6	-0,0904
-4,7	-0,0908	-9,0	-0,107	-13,3	-0,1229
-4,8	-0,0912	-9,1	-0,1074	-13,4	-0,1232
-4,9	-0,0916	-9,2	-0,1078	-13,5	-0,1235
-5,0	-0,092	-9,3	-0,1082	-13,6	-0,1238
-5,1	-0,0924	-9,4	-0,1086	-13,7	-0,1241
-5,2	-0,0928	-9,5	-0,109	-13,8	-0,1244
-5,3	-0,0932	-9,6	-0,1094	-13,9	-0,1247
-5,5	-0,094	-9,8	-0,1102	-14,1	-0,1254

-5,6	-0,0944	-9,9	-0,1106	-14,2	-0,1258
-5,7	-0,0948	-10,0	-0,111	-14,3	-0,1262
-5,8	-0,0952	-10,1	-0,1113	-14,4	-0,1266
-5,9	-0,0956	-10,2	-0,1116	-14,5	-0,127
-6,0	-0,096	-10,3	-0,1119	-14,6	-0,1274
-6,1	-0,0963	-10,4	-0,1122	-14,7	-0,1278
-6,2	-0,0966	-10,5	-0,1125	-14,8	-0,1282
-6,3	-0,0969	-10,6	-0,1128	-14,9	-0,1286
-6,4	-0,0972	-10,7	-0,1131	-15,0	-0,129
-6,5	-0,0975	-10,8	-0,1134	-15,1	-0,1294
-6,6	-0,0978	-10,9	-0,1137	-15,2	-0,1298
-6,7	-0,0981	-11,0	-0,114	-15,3	-0,1302
-6,8	-0,0984	-11,1	-0,1144	-15,4	-0,1306
-6,9	-0,0987	-11,2	-0,1148	-15,5	-0,131
-7,0	-0,099	-11,3	-0,1152	-15,6	-0,1314
-7,1	-0,0994	-11,4	-0,1156	-15,7	-0,1318
-7,2	-0,0998	-11,5	-0,116	-15,8	-0,1322
-7,3	-0,1002	-11,6	-0,1164	-15,9	-0,1326
-7,4	-0,1006	-11,7	-0,1168	-16,0	-0,133
-7,5	-0,101	-11,8	-0,1172	-16,1	-0,1334
-7,6	-0,1014	-11,9	-0,1176	-16,2	-0,1338
-7,7	-0,1018	-12,0	-0,118	-16,3	-0,1342
-7,8	-0,1022	-12,1	-0,1184	-16,4	-0,1346
-7,9	-0,1026	-12,2	-0,1188	-16,5	-0,135
-8,0	-0,103	-12,3	-0,1192	-16,6	-0,1354
-8,1	-0,1034	-12,4	-0,1196	-16,7	-0,1358
-8,2	-0,1038	-12,5	-0,12	-16,8	-0,1362
-8,3	-0,1042	-12,6	-0,1204	-16,9	-0,1366
-8,4	-0,1046	-12,7	-0,1208	-17,0	-0,137
-8,5	-0,105	-12,8	-0,1212	-17,1	-0,1374
-8,6	-0,1054	-12,9	-0,1216	-17,2	-0,1378
-8,7	-0,1058	-13,0	-0,122	-17,3	-0,1382
-8,8	-0,1062	-13,1	-0,1223	-17,4	-0,1386
-8,9	-0,1066	-13,2	-0,1226	-17,5	-0,139
-17,6	-0,1394	-22,0	-0,155	-26,4	-0,1706
-17,7	-0,1398	-22,1	-0,1554	-26,5	-0,171
-17,8	-0,1402	-22,2	-0,1558	-26,6	-0,1714
-17,9	-0,1406	-22,3	-0,1562	-26,7	-0,1718
-18,0	-0,141	-22,4	-0,1566	-26,8	-0,1722
-18,1	-0,1413	-22,5	-0,157	-26,9	-0,1726
-18,2	-0,1416	-22,6	-0,1574	-27,0	-0,173
-18,3	-0,1419	-22,7	-0,1578	-27,1	-0,1734

-18,4	-0,1422	-22,8	-0,1582	-27,2	-0,1738
-18,5	-0,1425	-22,9	-0,1586	-27,3	-0,1742
-18,6	-0,1428	-23,0	-0,159	-27,4	-0,1746
-18,7	-0,1431	-23,1	-0,1594	-27,5	-0,175
-18,8	-0,1434	-23,2	-0,1598	-27,6	-0,1754
-18,9	-0,1437	-23,3	-0,1602	-27,7	-0,1758
-19,0	-0,144	-23,4	-0,1606	-27,8	-0,1762
-19,1	-0,1444	-23,5	-0,161	-27,9	-0,1766
-19,2	-0,1448	-23,6	-0,1614	-28,0	-0,177
-19,3	-0,1452	-23,7	-0,1618	-28,1	-0,1774
-19,4	-0,1456	-23,8	-0,1622	-28,2	-0,1778
-19,5	-0,146	-23,9	-0,1626	-28,3	-0,1782
-19,6	-0,1464	-24,0	-0,163	-28,4	-0,1786
-19,7	-0,1468	-24,1	-0,1633	-28,5	-0,179
-19,8	-0,1472	-24,2	-0,1636	-28,6	-0,1794
-19,9	-0,1476	-24,3	-0,1639	-28,7	-0,1798
-20,0	-0,148	-24,4	-0,1642	-28,8	-0,1802
-20,1	-0,1483	-24,5	-0,1645	-28,9	-0,1806
-20,2	-0,1486	-24,6	-0,1648	-29,0	-0,181
-20,3	-0,1489	-24,7	-0,1651	-29,1	-0,1814
-20,4	-0,1492	-24,8	-0,1654	-29,2	-0,1818
-20,5	-0,1495	-24,9	-0,1657	-29,3	-0,1822
-20,6	-0,1498	-25,0	-0,166	-29,4	-0,1826
-20,7	-0,1501	-25,1	-0,1663	-29,5	-0,183
-20,8	-0,1504	-25,2	-0,1666	-29,6	-0,1834
-20,9	-0,1507	-25,3	-0,1669	-29,7	-0,1838
-21,0	-0,151	-25,4	-0,1672	-29,8	-0,1842
-21,1	-0,1514	-25,5	-0,1675	-29,9	-0,1846
-21,2	-0,1518	-25,6	-0,1678	-30,0	-0,185
-21,3	-0,1522	-25,7	-0,1681		
-21,4	-0,1526	-25,8	-0,1684		
-21,5	-0,153	-25,9	-0,1687		
-21,6	-0,1534	-26,0	-0,169		
-21,7	-0,1538	-26,1	-0,1694		
-21,8	-0,1542	-26,2	-0,1698		
-21,9	-0,1546	-26,3	-0,1702		